

ISSN: 1814 - 6961

E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 2 (94)

2 /2021

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендирович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК. (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor; Director of the State Museum Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ehnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Gottingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic. (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraina)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshek” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

- CSA RK (CSA of the Republic of Kazakhstan). 1398-к., 1-т., 208 is, 162 p. [in Kazakh].
 CSA RK (CSA of the Republic of Kazakhstan). 1398-к., 1-т., 79-is.1-p. [in Kazakh].
 CSA RK (CSA of the Republic of Kazakhstan). 1398-к., 1-т., 218-is. [in Kazakh].
 CSA RK (CSA of the Republic of Kazakhstan). 1398-к., 1-т., 218-is, 258-p. [in Kazakh].
 Mahaeva A. Qazaq muddesin qorgagan komitetter (1917-1918) (Committees protecting the interests of Kazakhs (1917-1918). Almaty; 1998. 158 b. [in Kazakh].
 Sailaubaev E.E. Alashorda zhane onyn Shygys boligi (Alashorda and its eastern branch). Semei. 1997. 120 b. [in Kazakh].
 Skripilev E.A. Vserossiiskoe Uchreditel'noe sobranie. Istorika-pravovoe issledovanie (All-Russian Constituent Assembly. Historian-legal research). Moscow; 1982. 87 s. [in Russian].
 Starikova A. Ya. Russkaya revolyutsionno-demokraticeskaya publitsistika o burzhuanizme reformah 60-h gg. XIX veka. Avtoref. diss. ... kand. ist. nauk. (Russian revolutionary democratic journalism about the bourgeois reforms of the 60s. XIX century. Abstract of the thesis. diss. ... Cand. ist. Sciences). Leningrad, 1953. [in Russian].
 Ugrumova M.V. Dokumentalnoe nasledie rossiiskih zemstv: Monografiya (Documentary heritage of Russian zemstvos: Monograph). Nizhnevartovsk: Izd-vo Nizhnevart. gos. un-ta, 2014. 207 s. [in Russian].
 Ishki habarlar (Internal messages) // Saryarqa. 1919. 15 nauryz [in Kazakh].
 Chernysheva E.V. Otechestvennaya istoriografiya istorii zemstva v Rossii, 1864–1904 gg. Diss. ... kandidata istoricheskikh nauk: (Domestic historiography of the history of the zemstvo in Russia, 1864-1904. Diss. ... candidate of historical sciences). Ekaterinburg, 2000 [in Russian].

FTAMP 03.09.55

DOI 10.51943/1814-6961_2021_2_101

КЕҢЕС-ГЕРМАН МАЙДАНЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ

Көкебаева Гүлжаухар Кәкенқызы* 

¹Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

*Автор-корреспондент
 E-mail: kokebayeva@gmail.com

Түйіндеме. Мақалада кеңес-герман майданындағы соғыс тұтқындарының халықаралық-құқықтық статусын анықтау мәселесі қарастырылған. Зерттеу нысаны ретінде КСРО мен Германияның бейтарап елдер елшіліктеріне жіберілген хаттары мен жеделхаттары алынған. 1907 жылғы Гаага конвенциясы және 1929 жылғы Женева конвенциясы соғыс тұтқындарын шын мәнінде қорғай алатын еді. Кеңес өкіметі Ресейдің бұрынғы үкіметтерінің шетелдермен жасаған халықаралық келісімдерін, соның ішінде 1907 жылғы Гаага конвенциясын да мойындамады, сондай-ақ 1929 жылғы Женева конвенциясына да қосылған жоқ. Кеңес-герман майданында соғыс қимылдарының басталуы кеңес және неміс соғыс тұтқындарының құқықтық статусын анықтауды талап етті. Екі елдің үкіметтері арасындағы бейтарап елдер делдалдығымен іске асырылған хат алмасу шығыс майдандағы соғыс тұтқындарының құқықтық статусына ықпал жасай алмады. Біздің зерттеулеріміздің нәтижелері соғыс тұтқындары мәселесі тоталитарлық мемлекеттер арасындағы идеологиялық күрестің объектісіне айналғанын көрсетеді.

Кілт сөздер: соғыс тұтқындары, Гаага конвенциясы, Женева конвенциясы, комиссарлар туралы бұйрық, халықаралық-құқықтық статус, протектор-мемлекет.

Мақала ҚР БҒМ № АР08855857 жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды.

МРНТИ 03.09.55

ПРОБЛЕМА ОПРЕДЕЛЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОГО СТАТУСА ВОЕННОПЛЕННЫХ НА СОВЕТСКО-ГЕРМАНСКОМ ФРОНТЕ

Кокебаева Гүлжаухар Какеновна^{1*} 

¹ Институт истории и этнологии им Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан

*Автор-корреспондент
E-mail: kokebayeva@gmail.com

Аннотация. В статье рассматривается проблема определения международно-правового статуса военнопленных на советско-германском фронте. Объектом исследования выступают телеграммы и письма правительств СССР и Германии в посольства нейтральных стран. Гагская конвенция 1907 г. и Женевская конвенция 1929 г. обеспечивали реальную защиту военнопленных. Советская власть не признала международные договоры, заключенные бывшими правительствами России, в том числе и Гагскую конвенцию 1907 г., также и не присоединилась к Женевской конвенции 1929 г. Начало военных действий на советско-германском фронте требовало определения правового статуса советских и немецких военнопленных. Переписка между правительствами двух стран, осуществленная через посредничество нейтральных государств, не повлияла на правовой статус военнопленных на восточном фронте. Результаты наших исследований показывают, что проблема военнопленных стала объектом идеологического противоборства властей воюющих тоталитарных государств.

Ключевые слова: военнопленные, Гагская конвенция, Женевская конвенция, приказ о комиссарах, международно-правовой статус, государство-протектор.

Статья выполнена в рамках реализации проекта № AP08855857 МОН РК.

IRSTI 03.09.55

THE PROBLEM OF DETERMINING THE INTERNATIONAL LEGAL STATUS OF PRISONERS OF WAR ON THE SOVIET-GERMAN FRONT

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna^{1*} 

¹ Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

*Corresponding Author
E-mail: kokebayeva@gmail.com

Abstract. The article deals with the problem of determining the international legal status of prisoners of war on the Soviet-German front. The object of the study is the telegrams and letters of the governments of the USSR and Nazi Germany to the embassies of neutral countries. The Hague Convention of 1907 and the Geneva Convention of 1929 provided real protection to prisoners of war. The Soviet government did not recognize the international treaties concluded by the former Russian governments, including The Hague Convention of 1907, and also did not join The Geneva Convention of 1929. The outbreak of hostilities on the Soviet-German front required the determination of the legal status of Soviet and German prisoners of war. The correspondence between the governments of the two countries, carried out through the mediation of neutral states, did not affect the legal status of prisoners of war on the eastern front. The results of our research show that the problem of prisoners of war has become an object of ideological confrontation between the authorities of the warring totalitarian states.

Keywords: prisoners of war, POWs, Hague Convention, Geneva Convention, Commissar Order, International recognition, State-protector.

The article was made under the project realization № AP08855857 of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan

Кіріспе. XIX ғасырдың екінші жартысында соғыс жүргізудің ережелерін және тұтқындардың құқықтарын белгілеген халықаралық келісімдер жасау басталды.

Алғашқы келісім 1864 жылы 10 мамырда Австрия, Голландия, Ресей, Түркия, Ұлыбритания және Швеция арасында жасалды. Кейіннен бұл келісімге Европа елдерінің барлығы дерлік қол қойды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде барлық соғысушы елдер 1899 және 1907 жылдары жасалған Гаага келісімдеріне сүйенді. Соңғы аталған келісімде соғыс тұтқындарының статусы мен құқықтарын белгілеген арнайы бөлім болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында алғаш рет қарсы жақтың әскерлері орасан көп мөлшерде тұтқындалып, ұзақ уақыт бөтен елде қамауда өмір сүруге мәжбүр болды, оларды тұтқындаушы мемлекет асырады. Осы жағдай соғыс тұтқындарын ұстау және асырау ережелерін жаңартуды талап етті. 1929 жылы 27 шілдеде Женевада «Соғыс тұтқындарын бағып-күту туралы» келісім жасалды. Бұл құжатта Гаага келісімінің соғыс тұтқындарына адамшылық тұрғыдан қарау туралы тұжырымы толықтырылды, тұтқындардың тұрмыс жағдайы мен құқықтары, жаралылар мен ауру тұтқындарды күту, тұтқындаушы жақтың міндеттері белгіленді. Женева келісімі бойынша: тұтқындар тіркеуге алынып, тізімдері протектор - мемлекетке (Швейцарияға) беріліп отырады; тұтқын лагерлерін Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің (ХҚКК) өкілдері тексеріп тұрады; тұтқындарға берілетін тамақ мөлшері тұтқындаушы елдің тылдағы әскери бөлімдеріне берілетін мөлшерде болуға тиісті; тұтқындардың өз елінен сәлемдеме алуға және Қызыл Кресттен азық-түлік, витамин, дәрі-дәрмек алуға, лагерьдегі ауыр жағдай туралы арыз айтуға құқы бар. 47 мемлекет мақұлдаған бұл келісімге Кеңес Одағы қосылған жоқ. Кеңес үкіметінің патшалық Ресейдің шетелдермен жасаған барлық келісімдерінің күшін жоюы енді оның Гаага келісіміне де қосылмайтынын көрсетті. Кеңес Одағы осылайша екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында өз азаматтарын халықаралық құқық негізінде қорғану мүмкіндігінен айырды. Германия Кеңес Одағына шабуыл жасаған соң, екі жақтың да әскері тұтқынға түсе бастаған кезде осындай мәселенің бар екендігі анықталды. Осы мәселе кейіннен екінші дүниежүзілік соғыс тұтқындары тарихын зерттеудегі бір ақ таңдаққа айналды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің деректік негіздерін ГФР Сыртқы істер министрлігінің Саяси архиві, Федералдық архивінің және іскери архивінің қорларында сақталған, Кеңес Одағы үкіметі мен Үшінші Рейх үкіметі арасындағы бейтарап елдер арқылы жүргізілген хат алмасу материалдары құрайды. Сондай-ақ шетелдерде жарық көрген құжаттар жинақтары мен соғыс тұтқындарының естеліктері пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері ретінде тарихи шындықтың көп өлшемділігі және альтернативтілігі туралы тұжырымдаманы алдық. Кеңес-герман майданындағы тұтқындардың халықаралық-құқықтық статусы анықталып, соғыс тұтқындарын қорғайтын конвенциялар қолданыла қалса, кеңес және неміс тұтқындары жағдайының өзгеру мүмкіндігі тарихи альтернатива ретінде қарастырылды. Сонымен қатар адам мен қоғамның, мемлекет пен жеке тұлғаның арасындағы қарым-қатынастардың әртүрлі деңгейлерін талдайтын тұжырымдамаларды да ескердік. Зерттеуде негізгі әдіс ретінде объективтілік, жүйелілік және тарихилық принциптері қолданылды. Деректерді талдауда контент-анализ әдісіне сүйендік.

Талдау. Тұтқындардың халықаралық-құқықтық статусы туралы мәселе кеңестік кезеңде мүлде көтерілген жоқ. Бұл мәселеге назар аудару өткен ғасырдың 90-жылдарында ғана басталды, бірақ негізгі назар неміс тұтқындарының құқықтық жағдайын зерттеуге аударылды. В.Б. Конасов неміс соғыс тұтқындарының құқықтық статусын, оларды кеңес сотының қылмыскер ретінде жазаға тартуын жан-жақты талдады (Конасов, 1996). Соғыс тұтқындарының құқықтық статусы, кеңес өкіметінің тұтқындарға көзқарасы белгілі әскери тарихшы және заңгер В.П. Галицкийдің фин тұтқындарының тағдырын зерттеуге арналған монографиясында қарастырылған (Галицкий, 1997). Алайда соғысушы жақтар өкіметтерінің 1941 жылдың маусым-тамыз айларындағы Шығыс майдандағы соғыс тұтқындарының құқықтық жағдайына қатысты жасаған әрекеттері бұл зерттеулерде қарастырылған жоқ.

Шетелдік зерттеулерде жалпы алғандағы соғыс тұтқындарының құқықтық статусы туралы мәселелер үнемі зерттелу үстінде. Соғыс жүргізудің ережелері, Гаага конференцияларының барысы және соғыс тұтқындарының құқықтық жағынан қорғалуы туралы мәселе И. Дюлффердің еңбегінде жан-жақты талданған (Dülffer, 1981). Неміс зерттеушісі Х.-А. Якобсен Вермахт Жоғарғы Қолбасшылығының соғыс тұтқындарына көзқарасын анықтайтын құжаттардың мәтіндерін бере отырып,

оларға терең талдау жасаған (Jakobsen, 1965). Х. Штрайттың монографиясы кеңес тұтқындарының фашистік лагерьлердегі ауыр жағдайын толық, жүйелі түрде зерттеген құжаттық жылнама деуге болады. Автор Үшінші Рейх өкіметінің «Барбаросса» жоспарын жасау барысында болашақта қолға түсетін кеңес жауынгерлеріне қатысты саясатының негізін де ойластырғанын көрсетеді (Streit, 1991). Ш.Ойтердің еңбегінде соғыс тұтқындарын құқықтық жағынан қорғау механизмінің жасалуы және жетілдірілуі туралы зерттеулерінің нәтижесі баяндалған (Oeter, 1999). А.Эйффингердің белгілі голланд заңгері Тобиас Ассердің қызметін зерттеуге арналған еңбегінде соғыс тұтқындарының құқықтары туралы мәселенің Гаагада болған халықаралық конференцияларда талқылану барысы кең түрде баяндалған (Euffinger, 2011).

Зерттеу нәтижелері. Гаага Конвенциясы туралы алғашқы мәлімет Кеңес Одағының 1907 жылғы Гаага конвенциясының кейбір ережелерін бұзғаны туралы Финляндияның шағымын мойындаудан бас тартқан Ленинград әскери округінің коммюникесінде кездеседі (Meissner, 1950:10). Кеңес үкіметі Финляндия сыртқы істер министрлігінің 1939 жылғы 31 қарашадағы 1907 жылғы Гаага конвенциясын және 1929 жылғы Женева конвенциясын өзара сақтау туралы ұсынысын жауапсыз қалдырды (Verbrechen, 1998:25). Осылайша, кеңес-фин соғысы кезінде Кеңес Одағының халықаралық конвенцияларға көзқарасы түсініксіз болып қалды.

Кеңес-герман майданында соғыс қимылдарының басталуы кеңес және неміс соғыс тұтқындарының құқықтық статусын анықтауды талап етті. Германия 1929 жылғы «Соғыс тұтқындарына қатынас туралы» Женева конвенциясына 1934 жылы қол қойды, бірақ Кеңес Одағы бұл конвенцияға қосылмаған болатын. 1941 жылы 24 маусымда Германия Қарулы күштерінің соғыс тұтқындары бөлімі шетелдік бөлімге екі жеделхат жіберді. Олардың біріншісінде Кеңес Одағының соғыс тұтқындарына қатысты халықаралық конвенцияларды қолдануға ниеті бар-жоғын тексеруді өтінеді: «Кеңес республикасы соғыс тұтқындарына қатысты 27.7.29 жылғы Конвенцияны емес, майдандағы жаралылар мен наукастардың тағдырын жақсарту туралы Женева конвенциясын ғана мойындады. Кеңес республикасының «Құрғақтағы соғыс заңдары мен әдет-ғұрпы туралы» Гаага конвенциясымен байланысы бар-жоғын тексеру керек. 27.7.29 жылғы Конвенцияның 82-бабы бойынша, Германия, егер оның қарсыласы осы келісімге қатыспаса да, конвенцияның міндеттемелерін ұстануға тиіс. Мұндай жағдайда біз одақтас державалардың сыртқы істер министрліктері арқылы орыс үкіметінің Германия 1929 жылғы конвенцияны орыс соғыс тұтқындарына қатысты қолданып, соған сәйкес ұстай ала ма деген сұраққа жауап беруін сұрауды ұсынамыз. Мұндай жағдайда біз Ресей де осы конвенцияның ережелерін сақтайды және 27.7.29 жылғы конвенцияға қосылатыны туралы қосымша мәлімдейді деп үміттенеміз. Осы ұсынысты қарауды және қажет болған жағдайда бұл туралы Сыртқы істер министрлігіне хабарлауды сұраймыз» (ВА – МА, 5v/506: 6).

Жоғарғы қолбасшылықтың шетелдік бөлімінің осы сұраққа 1941 жылы 27 маусымдағы берген жауабында мынадай нұсқаулар болды:

1) Кеңес Одағы 1929 жылғы соғыс тұтқындары туралы конвенцияға қосылмағандықтан және өзін Гаага конвенциясымен байланысты деп мойындағаны туралы ешқандай мәлімдеме жасамағандықтан, Кеңес Одағына қатысты алғанда Германия да соғыс тұтқындары туралы конвенцияның қандай да бір ережелерін сақтауға тиісті емес. Соғыс тұтқындары бөлімінің 82-бапқа сілтеме жасауы дұрыс емес. Бұл бап Германияның конвенцияға қол қойған басқа қарсыластарына қатысты ғана қолданылады.

2) Кеңес Одағынан конвенцияға қол қоюды талап ету жеткілікті болуы мүмкін. Одан әрі оған конвенцияны мойындайтынын жариялау туралы өтініш жасау саяси тұрғыдан алғанда тиімсіз болады.

3) Егер неміс тарапынан аталған мәлімдемені жасау қажет болса, оны мынадай түрде айтуды ұсынамыз: «Кеңес Одағы соғыс тұтқындары туралы конвенцияға қосылмағанына қарамастан, Кеңес үкіметі неміс соғыс тұтқындарына осы конвенцияның ережелері бойынша қарайтыны туралы мәлімдеуге дайын болған жағдайда, Германия орыс соғыс тұтқындарына қатысты алғанда 27.7.1929 жылғы конвенцияның ережелерін қолдануға дайын» (ВА – МА, 5v/506: 10).

Екінші жеделхатта тұтқынға түскен Вермахтың әскери қызметкерлері туралы мәліметтер алу мүмкіндігі туралы айтылады. Онда: «Құрлықтағы соғыстың заңдары мен

әдет-ғұрыптары туралы Гаага Конвенциясының 14-бабы бойынша, сондай-ақ 27.7.29 жылғы соғыс тұтқындарына қатынас туралы конвенцияның 77-80-баптары бойынша әрбір соғысушы мемлекет соғыс қимылдары басталғаннан кейін соғыс тұтқындары мәселесі бойынша анықтама бюросын құруы тиіс. 1929 жылғы Конвенцияның 79-бабына сәйкес бұдан басқа бейтарап аумақта орталық мекеме ұйымдастырылуы керек және ХҚКК қажет болған жағдайда соғысушы державаларға әртүрлі анықтамалық мекемелерді ұйымдастыруды ұсынады. Швейцария үкіметінің де, ХҚКК-нің де Кеңес Одағында ресми өкілдігі болмағандықтан, Ресейдегі неміс соғыс тұтқындарына Орталық анықтама бюросы мен көмек ұйымдастыруға ХҚКК-ны тартуға болатын-болмайтындығын тексеру қажет. Мүмкіндігінше тезірек жауап беруді сұраймыз» - делінген (ВА – МА, 5v/506: 5).

ХҚКК 1941 жылы 23 маусымда Германия, Италия, Финляндия, Словакия, Венгрия және КСРО үкіметтеріне соғыс тұтқындарының тізімін жасап, оларды жариялау туралы ұсыныс жасады. Шығыс Еуропа қақтығысына қатысушы барлық мемлекеттердің үкіметтері ХҚКК комитетінің соғыс тұтқындары туралы тиісті ақпарат беру туралы ұсынысымен келісті (О немецко-фашистских, 1943). 5 шілдеде Италия үкіметі ХҚКК-ге осы ұсыныспен келісетіні туралы хабарлап, егер қарсы жақ келіссе, онда 1929 жылғы Женева конвенциясының ережелерін кеңестік соғыс тұтқындарына қатысты қолдануға дайын екенін білдірді. Кеңес үкіметі ХҚКК Комитетіне «Ол үшін 1929 жылғы Конвенцияның ережелері емес, 1907 жылғы 18 қазандағы 4-ші Гаага Конвенциясы (Ресей қол қойған), сондай-ақ 1929 жылғы жаралылар мен науқастар туралы Женева конвенциясының 4-бабы, егер бұл ережелерді Германия мен оның одақтастары сақтайтын болса, міндетті деп қарастырылады» деп хабарлады (РА – АА, 29718:7). Бұл келіссөздердің барысы туралы Германия үкіметіне Берлиндегі Италия елшілігінің делдалдығы арқылы хабарланды. 2 шілдеде ХҚКК төрағасы Т. Губер В.М. Молотовқа Анкарада соғыс тұтқындары мәселесі бойынша кеңес орталығын құруды ұсынды. В.М. Молотов Кеңес үкіметі С.А. Виноградовқа Анкарада соғыс тұтқындар туралы барлық келіссөздерді жүргізуге рұқсат бергенін хабарлады. Алайда Кеңес үкіметінің соғыс тұтқындары туралы мәселені шешу үшін қабылдаған бұл шешімін нақты түрде жүзеге асыруға ниеті жоқ екені одан әрі Халықаралық Қызыл Кресттің кеңестік және неміс соғыс тұтқындарының қалын жақсартуға бағытталған шараларына септесуге ұмтылмағанынан көрінді.

Соғыстың алғашқы күндерінде кеңес әскерлерінің соғыс тұтқындарымен қарым-қатынас жасау ережелері туралы халықаралық конвенциялардың бар екенін білмейтіні байқалды. 1941 жылы 9 шілдеде Үшінші Рейхтің Сыртқы істер министрлігіне майданнан 25 маусым, 28 маусым және 1 шілдеде кеңес әскерлерінің неміс соғыс тұтқындарын өлтірген жағдайлары болғаны туралы хабарлама келіп түсті (РА – АА, 105173:9). Соғыстың алғашқы апталарында неміс соғыс тұтқындарының өлтірілгенін кеңестік құжаттар да растайды. Мысалы, 1941 жылдың 30 маусымында 5-армияның саяси насихат басқармасы барлық құрамалардың командирлері мен саяси насихат бөлімдерінің басшыларына тұтқындарды өз бетінше атуды дереу тоқтату туралы бұйрық жіберді. 1941 жылғы 14 шілдеде 31-атқыштар корпусының саяси насихат бөлімі барлық әскери құрамалар бастықтары мен батальондар командирлерінің саяси бөлімі жөніндегі орынбасарларына №020 өкім жіберді. Онда: «Ұрыстар кезінде бөлімдердің партиялық-саяси жұмыстарында мынадай саяси зиянды, бір мезгілде қылмыстық кемшіліктер байқалады:

1. Ұрыста Қызыл Әскер жауынгерлері мен командирлер жаудың жауынгерлері мен офицерлерін тұтқындамайды. Тұтқындарды тұншықтырған, кескілеген фактілер анықталған. Тұтқындарға деген мұндай көзқарас Қызыл Әскерге саяси зиян келтіреді, фашистік әскер солдаттарын өшіктіреді, оның ыдырау процесін кешіктіреді, фашистік әскердің офицерлік құрамының жауынгерлерді Қызыл Әскерге тұтқын болудың «қасіреті» туралы алдап, олардың тұрақтылығын нығайтуына мүмкіндік береді.

2. Бұл фактілерге тона фактісі қосылады. Қызыл Әскердің кейбір жауынгерлері жауды тұтқындаған кезде олардың жеке заттарын – сағаттарды, қаламұштайтын пышақтар, ұстараларды және т.б. тартып алады. Бұл фактілер Қызыл Әскердің абыройы мен беделіне нұқсан келтіруде». Соғыс тұтқындарын өлтіру мен тонауды тоқтату туралы бұйрыққа, сондай-ақ, штаб бастығы мен 21-армияның соғыс комиссары қол қойған (ВА – МА, 2/158:51-52).

Алайда, бұл құжаттарда соғыс тұтқындарына қатыгездікпен қарауға тыйым салатын халықаралық конвенциялар айтылмайды. Саяси бөлім неміс соғыс тұтқындарына аяусыз қаталдық көрсету жау әскерін ыдыратуға бағытталған насихат жұмыстарына зиян келтіретініне ғана алаңдаушылық білдіреді. Құжаттарда жұмысшылар мен шаруалардың дүниежүзілік таптық ынтымақтастығы туралы идея да көрініс тапқан: барлық саяси қызметкерлерге «партиялық-саяси жұмыстың барлық құралдарымен бөлімдер мен бөлімшелердің жеке құрамына түсіндіру керек, ...неміс жауынгері – жұмысшы және шаруа–еріксіз соғысатыны, ол тұтқынға берілген кезден бастап жау болып табылмайтыны» көрсетілген.

Шамасы, Вермахттың соғыс тұтқындары бөлімі Кеңес Одағының Гаага конвенциясына ресми түрде қосылған-қосылмағанын білмегендіктен, шарасыз жағдайда болған сияқты, ол 1941 жылғы 6-шілдеде бұл мәселені анықтау туралы қайта өтініш жасайды. 12-шілдеде шетелдік бөлімнен Кеңес Одағының Гаага конвенциясына қосылмағанын растаған құпия хат келді. «...Кеңес үкіметі Гаага конвенциясына қосылмаған, - делінген хатта. – Кезінде ол патша үкіметі жасасқан барлық шарттардан бас тартқан. Әскери құқық жөніндегі шарттардан ол тек Қызыл Крестке қатысты шарттарға ғана қосылатыны туралы ресми түрде жариялаған» (ВА - МА, 5v/506: 11). Осылайша, Вермахттың соғыс тұтқындары бөлімі кеңестік соғыс тұтқындарына қатысты халықаралық конвенциялардың шарттарын бұзбау міндетінен босатылды. Енді кеңестік тұтқындардың тағдыры Кеңес үкіметінің өз Әскерінің офицерлері мен жауынгерлерінің халықаралық-құқықтық жағынан қорғалуын қамтамасыз етуге қамқорлық жасау-жасамауына тікелей тәуелді болды.

Кеңес үкіметінің өтініші бойынша 1941 жылы 19-шілдеде Берлиндегі швед дипломатиялық миссиясы Германия Сыртқы істер министрлігіне егер Германия 1907 жылғы Гаага Конвенциясының нормаларын қолданатын болса, Кеңес Одағы да соғыс тұтқындарына қатысты осы конвенцияны мойындайтынын хабарлады. Сыртқы істер министрлігі 8 тамызға дейін неміс үкіметінің кеңес нотасына жауабының жобасын дайындады. Жобаны алғаннан кейін Гитлер дипломаттардың көмегімен нотаның сыни, тәкәппарлық мақамын күшейтті. 8-тамызда Германия Сыртқы істер министрлігі Швеция елшілігіне жауап нотасын жіберді. Онда: «Империялық үкімет Кеңес әскерлерінің тұтқынға түскен неміс жауынгерлеріне деген отырған нашар қарым-қатынасының әлі күнге дейін сақталып отырғанына қарамастан, Кеңес үкіметі соғыс тұтқындарды ұстау кезінде халықаралық құқық нормаларын қолдану туралы айтуға және сонымен бірге мұның екі-жақтылық сипаты туралы мәселе көтеріп отырғанына қатты таңқалысын ғана білдіреді. Әрине, империялық үкімет әрқашан соғыс тұтқындарымен халықаралық құқықтың қолданыстағы нормаларына сай қарым-қатынас жасайды. Мұнымен салыстырғанда, неміс әскерлерінің шабуылы кезінде кездесіп жатқан тұтқында қаза тапқан неміс жауынгерлерінің жағдайы, біздің әскерлеріміз тұтқыннан босатқан неміс жауынгерлерінің куәліктері Қызыл Әскерді өркениетті мемлекеттің әскері деп санауға болмайтынын растайды. Мұндай жағдайда Кеңес үкіметі соғыс тұтқындарына қатысты бізбен келісім жасау мәселесін көтермес бұрын, оның әскерлері мен мекемелерінің неміс соғыс тұтқындарына деген көзқарасын өзгерткісі келетінін дәлелдеуі керек», - деп көрсетілген (РА – АА, 29717:6, 329; ВА – МА, 2/158:20). Кеңес үкіметі сол күні Швеция мен Жапонияның Мәскеудегі елшіліктеріне Германияға қарсы соғыста Кеңес Одағы ұстанатын халықаралық шарттарды тізбелеп берген нота тапсырды. Тізімде: 1) 1907 жылғы 18-қазандағы құрлықтағы соғыстың заңдары мен әдет-ғұрыптары туралы Гаага конвенциясы; 2) 1925 жылғы 17 маусымдағы газ қолдануға тыйым салу туралы Женева хаттамасы; 3) 1906 жылғы 6-шілдедегі жаралылар мен науқастардың жағдайын жақсарту туралы Женева конвенциясы; 4) соғыс жүргізуге қатысты барлық басқа келісімдер (4-тармақ Швеция елшілігіне берілген нотада көрсетілмеген) бар. Ноталарда Кеңес Одағы «Гитлерлік Германияның халықаралық шарттарды жүйелі түрде бұзуын ескере отырып, бұл келісімдерді Германия қандай мөлшерде сақтаса, соншалықты ғана сақтайды» деген ескерту бар. 9- тамызда дәл осындай мазмұндағы нота Болгария елшілігіне берілді (РА – АА, 29717:6; ВА – МА, 2/1422; 22/109:334). Кеңес үкіметінің 8-тамыздағы Германияның нотасына Мәскеудегі швед дипломатиялық миссиясы арқылы берген жауабында Гаага конвенциясының нормаларын сақтаудағы екіжақтылық қағидасы туралы тағы да айтылды. Бұл нотада Кеңес Әскері қызметшілерінің соғыс

тұтқындарына қатыгездікпен қарауы туралы немістердің айыптауларына қатысты былай делінген: «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Үкіметі тұтқындалған неміс әскерлеріне қатысты алғанда соғыс заңдарын сақтамайды деген айыпты үзілді-кесілді жоққа шығарады; неміс соғыс тұтқындары 1907 жылғы 18 қазандағы Гаага Конвенциясының құрлықтағы соғыс заңдары мен әдет-ғұрыптары туралы ережелеріне сәйкес ұсталады. Одақ Үкіметі неміс империялық үкіметімен соғыс тұтқындары туралы қандай да бір келісім жасасуға ниетті емес және неміс үкіметіне тек соғыс тұтқындарды ұстауға қатысты халықаралық ережелерді және әсіресе 1907 жылғы Гаага Конвенциясының құрлық соғысының заңдары мен әдет-ғұрыптары туралы принциптерін дәл сақтау туралы ғана талап қояды» (РА – АА, 29718:7). Осылайша, кеңес және неміс тараптары соғыс тұтқындарын ұстау ережелерін анықтау мәселесінде бір-біріне кеңшілік бермеу принципін ұстанды. Үшінші Рейхтің басшылары Кеңес соғыс тұтқындарына қатысты 1907 жылғы Гаага конвенциясын қолданудан бас тартты, ал Кеңес үкіметі өз ноталарында өзі мойындамаған, бірақ екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы барлық басқа мемлекеттер қол қойған 1929 жылғы Женева конвенциясын атаған да жоқ.

Бейтарап мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар Шығыс майданда тұтқынға түскен екі тарап әскерлерінің халықаралық-құқықтық мәртебесін анықтауда делдалдық жасауды жалғастыра берді. ХҚКК өкілдері Карл Буркхардт пен Эдвард де Халлер 1941 жылғы тамызда кеңес соғыс тұтқындарының лагеріне бейресми түрде баруға мүмкіндік алып, осының нәтижесінде тұтқындардың алғашқы тізімі кеңес жағына берілді. Алайда Анкарадағы келіссөздер барысын Германияның Анкарадағы елшісі Ф. фон Папеннің Қызыл Крест өкілі М. Жюнодан баспасөз бетіндегі кеңестік соғыс тұтқындарының жаңұялары мен туысқандарын жазалау туралы И.В.Сталиннің бұйрығы жөніндегі хабарламалар шындыққа сәйкес-сәйкес еместігін кеңестік елшіден сұрап білуді өтінгені өзгертіп жіберді. Кеңес әскери қызметкерлерінің отбасылары мен туыстарына қарсы жазалау шараларын қолдану туралы 1941 жылдың 16 тамызындағы № 270 бұйрықтың мәтіні 7-қыркүйекте фин әскерлерінің қолына түсіп қалды. Келесі күні бұл бұйрық Германияға белгілі болды. 1941 жылы 8-қыркүйекте неміс ақпараттық бюросы осы бұйрықтың мазмұнын былайша хабарлады: «Хельсинки, 7 қыркүйек (DMB-Vertr). Сталин, Молотов, Ворошилов, Буденный және Тимошенконың қолы қойылған кеңес Жоғарғы қорғаныс кеңесінің 16.8.41 ж. № 270 бұйрығы фин бөлімшелерінің қолына түсті. Бұйрықта тұтқынға түсу үшін қашқан үш жоғары кеңес генералы айыпталған. Бұл генералдар қорқақ және зиянды қашқындар деп аталған. Осыған байланысты бұйрықта барлық саяси қызметкерлерге командалық құрамның айырым белгілерін жұлып, күрестен, қиындықтардан жалтарып, ұрыс даласынан кетіп қалатын қашқындар мен қорқақтарға сатқындар сияқты қарау керек, оларды ұстап алып, дереу ату қажет деген бұйрық берілген. Олардың отбасы мүшелерімен отанын сатқандардың отбасылары сияқты қарым-қатынас жасау, яғни дереу қамауға алу керек. Бұйрықта бұдан әрі саяси қызметкерлер мен бөлімшелер командирлері командалық құрамның ешқайсысы майданнан алысқа кетпеуін, жауға берілмеуін немесе қуыстарға тығылмауын қамтамасыз етуі керек деп көрсетілген. Әрбір әскери қызметкер, өз атағына қарамастан, егер әскери бөлім қоршауға түссе, өз бастықтарынан өз бөлімшелерінің бұзып шығып, өз бөлімдеріне қосылуды талап етуге міндетті. Егер мұндай бастық немесе Қызыл Әскер бөлімі қарсылықтың орнына жауға берілуді ұсынса, онда оларды барлық қол жетімді құралдармен дереу жою керек. Дивизия командирлері мен комиссарлар ондайларды батальондардан, полктерден және өзге де қызметтік сатылардан дереу алып тастауға немесе қатардағы жауынгерге дейін төмендетуге, қажет болған жағдайда атуға және оларды команданың құрамынан батыл әрі ержүрек адамдармен алмастыруға міндетті. Бұйрықты барлық әскери бөлімдерде роталар, эскадрондар, батареялар және басқа да бөлімшелерде, командалар мен штабтарда оқып беру қажет» (РА – АА, 29717:6). Бұл хабарламада аталған бұйрықтың мазмұны сөзбе-сөз дерлік берілген. Бұл құжаттың мазмұны мен № 270 бұйрық мәтінінің толық сәйкес келуі фин әскерлерінің қолына № 270 бұйрықтың нақты мәтіні түскенін көрсетеді. Алайда, ХҚКК өкілі өзінің сұрауына орай Кеңес Одағының Анкарадағы елшілігінен кеңес үкіметі мұндай бұйрықтың болғанын жоққа шығарады деген ресми жауап алды (РА – АА, 29717:6).

Кеңес Одағының одақтастарын неміс лагерлерінде ең нашар жағдайда болған кеңес

соғыс тұтқындарының құқықтық мәртебесін анықтау мәселесінің шешілмеуі алаңдатты. 1941 жылы тамызда АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Г. Хэлл Мәскеудегі американ елшілігіне Кеңес Одағының 1929 жылғы «Соғыс тұтқындарына қатынас туралы» Женева конвенциясына қол қоюға немесе соғыс тұтқындарын ұстау ережелерін анықтайтын басқа да халықаралық конвенцияларға қосылуға ниеті бар-жоғын анықтауды тапсырды (234, 41-бет. Алайда кеңес үкіметі бұл мәселеде әрдайым үнсіз қалып отырды. 1942 жылы 29-мамырда АҚШ президенті Ф. Рузвельттің В.М. Молотовпен кездесуі кезінде Кеңес Одағын 1929 жылғы Женева конвенциясына қосылуға көндіру әрекеті де сәтсіз аяқталды (230, 26 бет). Кеңес үкіметі 1929 жылғы Женева конвенциясына қосылудан үзілді-кесілді бас тартып қана қоймай, бейтарап елдер мен халықаралық ұйымдардың өкілдерімен кеңес соғыс тұтқындарына көмек көрсету мәселесін талқылауды да тоқтатты. Сонымен, 1943 жылы сәуірде Ватиканның Стамбулдағы өкілі монсеньер Д. Ронкаллидің кеңес соғыс тұтқындарына көмек көрсетуді ұйымдастыру туралы ұсынысына КСРО елшісі кеңес үкіметі соғыс тұтқындары туралы хабарламаларға мән бермейді, өйткені оларды отанын сатқандар деп санайды деп жауап берді (ВА – МА, 2/158:177).

В.М. Молотовтың 1941 жылғы 25-қарашадағы және 1942 жылғы 27-сәуірдегі ноталарында немістер 1907 жылғы Гаага конвенциясын бұзды деп айыпталды. ХҚКК соғыс тұтқындарын ұстауға қатысты барлық келіссөздерді Анкарадағы кеңес елшілігі арқылы жүргізгендіктен, Германияның Түркиядағы елшісі Франц фон Папен кеңес және неміс соғыс тұтқындарының құқықтық мәртебесін анықтау мәселесі туралы басқалардан көбірек хабардар еді. 1941 жылы 27-қарашада фон Папен Берлинге В.М. Молотовтың неміс тарапының Гаага конвенциясын бұзуы туралы сілтеме жасауының негізсіздігін дәлелдейтін фактілер көрсетілген жеделхат жолдады:

1) ХҚК Комитетінің күш-жігеріне қарамастан, кеңес үкіметі ХҚКК өкілдеріне Кеңес Одағындағы соғыс тұтқындары лагерлеріне баруға рұқсат бермеді. Ал неміс тарапы халықаралық өкілдер Буркхардт пен Халлерге Германиядағы орыс соғыс тұтқындарының лагерлеріне баруға мүмкіндік берді.

2) Қызыл Крест өкілдерінің Анкарадағы кеңес елшілігінен хабар-ошарсыз кеткен неміс соғыс тұтқындары туралы ақпарат алу немесе тұтқындар тізімімен алмасу бойынша бастамалары неміс тарапы Қызыл Крест арқылы кеңестік соғыс тұтқындардың бірінші тізімін бергеніне қарамастан, сәтсіз аяқталды.

3) Мұндай жағдайда Молотовтың Гаага Конвенциясына сілтеме жасауы Кеңес Одағының бұл конвенцияға қосылмағанын ескергенде таңқаларлық әсер қалдырады (РА – АА, 29718:7:109).

Әрине, нацистік лагерлерде халықаралық конвенцияларға қол қойған мемлекеттердің соғыс тұтқындарының жағдайы әртүрлі болды. Неміс зерттеушісі Х. Штрайттың пікірінше, нацистік өкіметтің соғыс тұтқындарымен қарым-қатынасының негізгі өлшемдерін анықтауда, бір жағынан, олардың национал-социалистік нәсілдік иерархиядағы орны, екінші жағынан, Гитлерге қарсы соғысып жатқан мемлекеттер әскерлері қолындағы неміс тұтқындарына қарсы жазалау шараларын жасау қатері ескерілді. «Иерархиялық баспалдақтың жоғарғы жағында ағылшын соғыс тұтқындары, кейінірек американдықтар тұрды. Мұндағы маңызды жәйт, Гитлер ұзақ уақыт бойы Германияның «табиғи» одақтасы ретінде көргісі келген Англияны өз жағына тартуға үміт артуы болды», – деп жазады Х. Штрайт (Streit, 1991:65, 69). Біздің ойымызша, Гитлердің екінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін Англияны өз жағына тарту үміті туралы сенімді түрде айтуға негіз жоқ, мұндай мүмкіндіктің мүлде жоқ екенін 1940 жылдың маусымынан 1941 жылдың маусымына дейін Ұлыбританияның Германияға тізе бүкпей айрықша күшпен соғысқаны дәлелдейді. Нацистік басшылықтың әртүрлі мемлекеттердің соғыс тұтқындарымен қарым-қатынас саясатын анықтаудағы басты өлшемі осы елдердің әрқайсысымен соғыс жүргізудегі негізгі мақсаттарына байланысты болды. Нацистер Батыста соғысты Еуропадағы үстемдік үшін жүргізді, мұнда олар әртүрлі идеологиялардың күресі туралы айтқан жоқ. Нацистердің батыс елдеріндегі басқыншылық саясаты олардың экономикалық ресурстарын соғыс мақсатына пайдалануға бағытталды. Сонымен қатар еуропалық соғыс тұтқындарына қарсы немістер жазалау саясатын жүргізсе, бұл елдер де неміс тұтқындарына қарсы осындай шара қолданар еді, өйткені олардың барлығы 1929 жылғы Женева конвенциясына қол қойған және оның шарттарының бұзылмауын

қатаң қадағалап отырған болатын. Сондықтан нацистік билеуші топ осы елдердің соғыс тұтқындарымен қарым-қатынаста 1929 жылғы Женева конвенциясын сақтауға тырысты. АҚШ өкіметі де Үшінші Рейх басшылығымен соғыс тұтқындарына қатысты алғанда 1929 жылғы Женева конвенциясының ережелерін сақтау туралы келісті (ВА – МА, 5v/506:187).

Неміс лагерлерінде кеңестік соғыс тұтқындар ең нашар жағдайда болды. Қызыл Крест өкілі М. Жюно Германиядағы лагерьлерге барған кезде Кеңес Одағының халықаралық конвенцияларға қосылғысы келмеуінің салдарын айқын байқады. Мысалы, ол Женева конвенциясының мәтіні көпшілікке көрінетін жерде ілінген ағылшын соғыс тұтқындарына арналған лагерь мен тағдыр тәлкегіне қалдырылған кеңес соғыс тұтқындары орналасқан көрші лагерьдегі қорқынышты жағдай арасындағы үлкен айырмашылықты атап көрсетті. Әрине, британдықтардың әуе шабуылдарының күшеюі кезінде нацистік Германияның кейбір өкілдері ағылшын соғыс тұтқындарын ұстауда халықаралық құқық нормаларының сақталуына наразы болды. Олар ағылшын ұшқыштарын бейбіт тұрғындарды «өлтірушілер» деп атады (BArch, 18/271:16). Алайда, Берлинді және басқа қалаларды үздіксіз бомбалау кезінде де ағылшын және американдық соғыс тұтқындарының жағдайының айрықша нашарлауы байқалмады. „Жоқ, конвенция қарапайым „қағаз қиындысы“ болған жоқ, Гитлер қаншалықты қатыгез болса да, конвенция қабылданған жағдайда, оны орындаудан бас тартады деп ойлау қателік болар еді. 1945 жылы ақпанда Дрезденді одақтастардың ұшақтары бомбалағаннан кейін ашуланған Геббельс Гитлерге Женева конвенциясынан бас тартып, тұтқындалған ұшқыштарды атуды ұсынды. Гитлер келісті, бірақ оның қызметкерлерінің бірі бұл шешімнен қорқып, ақпараттың шетелдік баспасөзге шығып кетуіне жол ашты. Би-Би-Си бірден-ақ бұл қадамға ағылшындар тарапынан қарымта жауап беру мүмкіндігі туралы қатаң ескертулер жасаған соң, немістер жоспарынан дереу бас тартты», - деп жазады ағылшын зерттеушісі Н. Толстой (Толстой, 1988:21).

Қазіргі уақытта АҚШ-та тұратын бұрынғы соғыс тұтқындары И.А. Дугас пен Ф.Я. Черон да дәл осындай көзқарасты ұстанады: «Кеңес Одағы Женева конвенциясына қол қойған жағдайда (және оны сақтаған жағдайда) кеңес соғыс тұтқындары поляктардан төмен сатыда орын алуы мүмкін еді. Одақтастардың неміс тұтқындарына қарсы қарымта қуғын-сүргінінен қорқуы себепті жаппай адам өлімі болмас еді. Бұл тұжырымның дәлелі ретінде тұтқында болған поляк еврей офицерлерінің (француз, ағылшын және американдық еврей тұтқындарын айтпағанда) тірі қалуын айтуға болады» (Дугас, Черон, 1994:131). 1940 жылдың жазында Франция жеңілген соң, Виши үкіметінің басшысы маршал Петен Францияның тізе бүккені туралы актіге қол қоюдың шарты ретінде француз әскерінің барлық еврей жауынгерлерін тұтқынға түскен Франция азаматы деп қарап, оларды француз тұтқындардан бөлмеуді талап етті. Неміс әскери қолбасшылығы бұнымен келісуге мәжбүр болды (Андреева, 1990:74). Француз әскерінің еврей офицерлері мен жауынгерлері 1929 жылғы Женева конвенциясының шарттары бойынша қорғалу құқығына ие болды. Алайда, Батыс Еуропа елдеріндегі еврей соғыс тұтқындарына қарағанда поляк еврейлері халықаралық конвенциялардың қорғауында ұзақ бола алмады. 1939 жылдың аяғы – 1940 жылдың басында нацистер басып алған Польшаның Бугтың батыс аймағында өмір сүрген еврей соғыс тұтқындарының көпшілігі үйлеріне жіберілді. Нәтижесінде олар соғыс тұтқыны статусынан айырылып, Польшада нацистер ұйымдастырған геттоларға азаматтық тұлғалар ретінде кіргізілді. Олардың барлығы дерлік көп ұзамай қаза тапты (Андреева, 1990:69).

Анкарадағы кеңес елшілігі ХҚКК өкілі М. Жюноға Мәскеуде соғыс тұтқындары мәселесі бойынша үкіметтік бюро жұмыс істейтінін ресми түрде хабарлады. Бюроның негізгі міндеттері екі жақтың соғыс тұтқындары туралы ақпарат жинау, М. Жюно арқылы соғыс тұтқындары туралы ақпарат беру және қабылдау, екі жақтың да соғыс тұтқындарына хаттар мен сәлемдемелер беру, денсаулығы нашар соғыс тұтқындарын алмасу, соғыс тұтқындарына қатысты барлық техникалық мәселелерді атқару болды. Сондай-ақ, М. Жюно тұтқындардың алғашқы тізімдерін тапсырғаннан кейін дереу Анкарадағы кеңес елшілігі арқылы соғыс тұтқындары мәселесі бойынша кеңес бюросымен телеграф арқылы байланысатын болады деп келісті (РА – АА, 29717:6:275). Егер Германия мен КСРО үкіметтері осы қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыруға ықпал еткенде, екі жақтың соғыс тұтқындарының жағдайын Халықаралық

Қызыл Крест Комитетінің, бейтарап елдер мен одақтастардың көмегімен одан әрі жеңілдетуге болар еді. Алайда жоғарыда аталған №270 бұйрық пен елшілердің мәлімдемесі Кеңес өкіметінің соғыс тұтқындарына деген ресми көзқарасының шын мәнін айқындады. Кеңес үкіметінің 1907 жылғы Гаага конвенциясын ғана қолдануға деген бірбеткей ұмтылысы оның соғыс тұтқындарын қорғауға ниеті жоқтығын көрсетті. Гаага конвенциясының II бабы бойынша конвенция қаулылары оған қол қойған елдер үшін ғана және егер барлық соғысушылар конвенцияға қатысқан жағдайда ғана міндетті. Егер КСРО Ресей қол қойған Гаага конвенциясын мойындайтыны туралы ресми түрде жарияламағанын ескерсек, онда іс жүзінде осы конвенцияның қаулылары Германиядағы кеңестік соғыс тұтқындарына қарым-қатынас мәселелерін реттеу үшін заңды күшке ие емес екенін байқаймыз. Осы себепті Кеңес тарапы неміс соғыс тұтқындарына қатысты алғанда да Гаага конвенциясының ережелерін орындауға міндетті болмады.

Нацистік билік те кеңес соғыс тұтқындарының құқықтық статусын анықтау туралы оң шешім қабылдағысы келмеді. 1929 жылғы Женева конвенциясының 82-бабы бойынша оның ережелерін барлық жағдайларда жоғары келісуші тараптар сақтауға тиіс; егер соғыс жағдайында соғысушы тараптардың бірі конвенцияға қосылмаған болса, соған қарамастан конвенцияның ережелері оған қол қойған соғысушы мемлекет үшін міндетті болып қала береді. Егер неміс тарапы кеңестік соғыс тұтқындарына қатысты алғанда халықаралық нормаларды сақтағысы келсе, онда ол Женева конвенциясының 82-бабында жазылған ережені ұстануына болатын еді. Демек, Кеңес Одағының 1929 жылғы Женева конвенциясына қол қоймауы және Гаага конвенциясының ережелерін ұстанғысы келгендігі, ал Германияның Кеңес Одағынан Женева конвенциясына міндетті түрде қосылуды талап етуі кеңес және неміс соғыс тұтқындарының нашар жағдайда өмір сүруіне ықпал еткенін байқаймыз. Сондай-ақ екі тараптың да соғыс тұтқындарының құқықтық жағдайын анықтау мәселесін шешуге ниеті болмаған сияқты.

Өз сөздерінде А. Гитлер Кеңес Одағына қарсы соғыс «бұл тек қарулы күрес қана емес; бұл екі дүниетанымның қақтығысы» деген сөзді жиі айтқан (Дашичев, 1973:22; Kriegstagebuch, 1965:340). Ф. Галдер өзінің күнделігінде 1941 жылы 30 наурызында өткен жиналыстағы Гитлердің сөзінен үзінді келтіреді: «Екі идеологияның күресі: большевизмді жоюға бағытталған әрекет әлеуметтік қылмыс болып табылмайды. Коммунизмнің болашақ үшін қауіп тым үлкен. Біз жауынгерлердің жолдасыз бауырмалдығы қағидасын негізге алмауымыз керек. Коммунист ешқашан біздің жолдасымыз болған емес және болмайды да. Мұнда әңгіме аяусыз жою жолындағы күрес туралы болып отыр» (Гальдер, 1969:431). Нацистік биліктің кеңестік соғыс тұтқындарға қатысты ресми саясаты Кеңес Одағына қарсы шабуыл жоспарын жасау кезінде-ақ қалыптасқан болатын. 1941 жылы мамыр айында «Барбаросса» жоспары бойынша соғыс тұтқындарына қатысты мәселелерді ұйымдастыру жобасы және Кеңес Одағының саяси қызметкерлерін қудалау мен жоюға қатысты бұйрықтың жобасы жасалды. 1941 жылғы 6 маусымдағы Германия Қарулы Күштері Жоғарғы қолбасшылығының «Қызыл әскердің саяси комиссарлары мен қызметкерлерін жою туралы директиваларында»: «Большевизмге қарсы күресте соғыс тұтқындарына адамшылық тұрғысынан және халықаралық құқық нормалары бойынша қарау қажет емес, өйткені қарсыласудың басты ұйымдастырушылары ретінде саяси комиссарлар біздің тұтқындарға өшпенділік, қатыгездік және аяуандықпен қарайтынын ескеру керек», - деген сөздер болды (Dokumente, 1993:137-139). Нюрнберг процесі кезінде барлық айыпталушы әскери басшылар комиссарлар бұл бұйрық негізінде атылғанын айтып, ақталуға тырысты. Соғыстан кейін кейбір неміс офицерлері өз естеліктерінде кадрлық әскери басшылар бұл бұйрықты қолдамағанын және ол бөлімшелердің штабтарына жетіп үлгермегенін, тіпті бұйрық қолға тисе де, оны орындаудан жалтарғандарын жазды. Шындығында, комиссарлар туралы бұйрық әскерлердің барлық бөлімдерінде орындалды. Бұрынғы соғыс тұтқыны Ф.Я. Черон: «Мен соғыстың бесінші күні, 1941 жылы 27 маусымда тұтқынға түстім ...келесі күні бізді, екі жүзден астам адамды Слонимге алып келді. Онда біз сияқты тағы екі жүз адам болды. Шарбақпен қоршалған мектеп ауласы біздің лагерь болды. Шағын және көп топтармен тұтқындарды үсті-үстіне әкеліп жатты. Су да, тамақ та берілмеді. Бұл жерде маған алғаш рет СС-тің тұтқындарды қырғанын көруге тура келді. Олар тұтқындардың

әрбір жаңа тобын қарап жатты. Егер олар айырым белгілері бар саяси жетекшілерді тапса немесе оларды жеңдеріне тағылған жұлдыздардан таныса, онда олар осы жерден ғимараттан тысқа шығарылып, атылды. Олар мұны ерекше бір қыңырлықпен, жалындап іске асырды», деп есіне алады (Черон, 1987:31-32).

Комиссарларды жою туралы бұйрық қауіпсіздік полициясы және қауіпсіздік қызметінің бастығы Р. Хайдрихтің 1941 жылғы 17 шілдедегі «Соғыс тұтқындары лагерлеріндегі жедел топтар мен қауіпсіздік полициясының міндеттері туралы» № 8 бұйрығымен толықтырылды. Жедел топтардың міндеттеріне Шығыс Пруссиядағы, Польша мен Кеңес Одағының басып алынған территориясындағы қоныс аударту және тұрақты соғыс тұтқындар лагерлерінде коммунистер мен еврейлерді анықтау және іріктеу жатты. Жедел топтар соғыс тұтқындарына олардың арасынан адамдардың мынадай санаттарын – 1) саяси, қылмыстық немесе басқа да қауіпті элементтерді; 2) қалпына келтіру жұмыстарында пайдалану үшін іріктелуі мүмкін адамдарды; 3) тыңшылық функцияларды орындау үшін таңдалуы мүмкін адамдарды анықтау үшін қайта тексеру жүргізуі тиіс болды. Ең алдымен, «мемлекет пен партияның барлық маңызды функционерлерін, атап айтқанда, кәсіби революционерлерді, Коминтерн қызметкерлерін, КОКП және Орталық, аудандық және облыстық комитеттердегі оның қосалқы ұйымдарының барлық беделді қызметкерлерін, барлық халық комиссарлары мен олардың орынбасарларын, Қызыл Әскердегі барлық бұрынғы саяси комиссарларды, экономика саласындағы негізгі тұлғаларды, кеңес зиялыларын, барлық еврейлерді, жанкешті коммунистер қатарына жататын барлық адамдарды» анықтауға нұсқау берілді (ВАrch, 58/272:54-58). Аталған адамдар Кеңес мемлекетінің, Коммунистік партияның және Коминтерннің жұмыс әдістері туралы ақпарат алынғаннан кейін жойылуға тиіс болды. Гестапо бастығы Г. Мюллердің 1941 жылғы 21-шілдедегі бұйрығымен кеңестік соғыс тұтқындары орналасқан лагерьлерге жазалау бөлімдері жіберілді. Бұл бөлімдердің лагерьлердегі «күдікті элементтерді» анықтау және оларды жою әрекеттері соғыстың соңына дейін жалғасты. Нацистер бұл бұйрықты қатаң құпия түрде сақтауға тырысты. «Солтүстік» армия тобының бас штабының бастығы 1941 жылдың 2-шілдесінде 4-ші әскер тобының бас штабының бастығына жазған хатында «Комиссарлар туралы бұйрықтың» мәтінін жау жағы насихат қаруы етіп пайдаланатындықтан, олардың қолына түспеуі үшін жойылуы керек» екенін атап өтті (Jakobsen, 1965:232-233). 1941 жылдың 26-тамызында 16-армия корпусының штабы Құрлық күштерінің Жоғарғы қолбасшылығына комиссарлар туралы бұйрықтың тиімділігіне күмән келтіріп, хат жіберді. Хатта соңғы кезде немістердің тұтқындалған кеңес комиссарларын өлтіргені үшін орыстардың кек алу мақсатында тұтқынға түскен неміс офицерлерін өлтіру ниеті туралы хабарлар бар екені айтылған (РА -АА, 105177:11). Кеңес әскерлерінің тұтқындалған неміс офицерлеріне қарсы қарымта ретінде жазалау шараларын қолдану мүмкіндігі туралы қауесеттер шынымен де таралып жатты. Мысалы, 1941 жылдың қыркүйегінде Сыртқы істер министрлігінің 2-армиялық корпус жанындағы өкілі дипломат Граф Боди-Гедриготи комиссарларды жойғаны үшін кеңестер жағының да тұтқынға түскен неміс офицерлерін атуға ниеті бар екендігі туралы хабарлады (РА -АА, 105178:12).

1941 жылы 23 қыркүйекте Құрлықтағы әскерлер Қолбасшысының жанындағы ерекше тапсырмалар атқаратын генерал Қарулы Күштердің Жоғарғы қолбасшылығына мынадай жеделхат жіберді: «Соңғы жағдайларға байланысты Комиссарлар туралы бұйрықты және «Барбаросса» жоспарын орындау қажеттілігін қайта тексеруді сұраймын. Қолбасшылардан, командирлерден және әскерлерден, егер өршеленген және өшпенді қарсылықтың басты ұйытқысы болып табылатын комиссарлармен күресті тоқтатып, олардың тұтқынға берілуін немесе немістер жағына өтуін жеңілдетсе, орыс тарапының жауынгерлік рухының әлсіреуіне қол жеткізуге болатындығы туралы хабарламалар түсуде. Қазіргі уақытта әрқилы жағдайда өзін өлім күтіп тұрғанын білетін комиссарлардың басым көпшілігі соңына дейін күресіп жатқан жағдай қалыптасқан» (Streit, 1991:87). Алайда, Жоғарғы қолбасшылық фюрер «саяси комиссарларға қатысты осы уақытқа дейін шығарылған бұйрықтарды өзгертуден» бас тартқанына сілтеме жасап, бұл өтінішті қабылдамады (Jakobsen, 1965:237-238). Неміс әскері үлкен шығынға ұшыраған 1941 жылдың аяғы мен 1942 жылдың басындағы ауыр шайқастардан кейін ғана нацистік басшылық кеңес бөлімшелерінің саяси жетекшілерін жою туралы бұйрықты өзгерту туралы шешім

қабылдады. Қашып өтетіндер мен берілетін кеңестік соғысушы бөлімшелер санын көбейту мақсатында 1942 жылдың 6-мамырында кеңестік комиссарларымен саяси жетекшілердің «өмірін сақтауға» кепілдік беретін бұйрық шығарылды.

Германия архивтерінде Ұлыбритания мен АҚШ үкіметтерінің немістер тарапынан Женева конвенциясының шарттарының бұзылғаны туралы жіберген ноталары баршылық. Нацистердің соғыс тұтқындарына қатысты аяусыз қатыгездік жасаған жағдайларын парламент отырысында талқылаған кездері де болған. 1944 жылдың наурызында Британ Әскер-әуе күштерінің бір топ офицері ұшқыштар лагерінен қашып шыққан; бірақ оларды немістер бірнеше күннен кейін ұстап алып, 47 ұшқышты атып тастаған. Женева конвенциясының 50-бабы бойынша, лагерьден қашып шыққан, бірақ қз әскерлеріне қосылып үлгермей ұсталып қалған соғыс тұтқындарына қатысты тек тәртіптік жаза ғана қолданылуға тиісті. Сондықтан британ ұшқыштарын ату халықаралық құқық нормаларын дөрекі түрде бұзу болатын. Ұлыбритания сыртқы істер министрі А. Иден протектор-мемлекет Швейцария үкіметінен британ офицерлерінің қандай жағдайда атылғанын анықтауды және Германия үкіметіне қарсылық нотасын тапсыруды өтінді. Мамыр айында А. Иден екі рет парламент отырысына шақырылып, британ ұшқыштарының қазасы жайлы есеп берді (ВА - МА, 4v/765.). Ал кеңес өкіметі нацистік лагерьлерде азап шеккен кеңес тұтқындарының жағдайына айрықша мән бермей, Мәскеудегі шетелдер елшіліктеріне бірнеше нота тапсырумен тынды.

Қорытынды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде өзара соғысушы тоталитарлық жүйелер қыспағында қалған кеңес және неміс соғыс тұтқындарының тағдырын жеңілдетуі мүмкін 1907 жылғы Гаага Конвенциясы да, 1929 жылғы Женева конвенциясы да Кеңес Одағы үшін жарамсыз болып шықты. Жалпы алғанда 1929 жылғы Женева конвенциясы 1907 жылғы Гаага конвенциясының күшін жойған жоқ, оны толықтырды және кеңейтті. Сондықтан КСРО мен Германия үкіметтері, егер қаласа, екі конвенцияны да немесе олардың біреуін қолдана алар еді. Германия екі конвенцияға да қол қойғандықтан және КСРО олардың біреуіне қосылмай, ал екіншісін мойындайтынын ресми түрде заңдастырмағандықтан, екі жақтың да Шығыс майданда тұтқынға түскен әскерлерінің құқықтық статусы айқындалмаған күйде қалды.

Соғысты бір-біріне жаулық танытқан мемлекеттердің материалдық және моралдық күштерінің қалыптасуы деп қарайтын болсақ, ол қалыптасуы басты күш адам екенін көреміз, сондықтан соғысты әртүрлі саяси, идеологиялық және рухани құндылықтардың да қалыптасуы ретінде сипаттауға болады. Соғысқа қатысушы мемлекеттің аталған құндылықтардың қайсысын қорғайтынын оның ішкі саясатының мазмұны, үш фактордың арасындағы қалыптасқан қатынастар анықтайды. Оның біріншісі халықпен, екіншісі әскери басшылық және әскермен, үшіншісі билікпен байланысты. Демократиялық елде халық мүддесі, жеке адам өмірі алдыңғы қатарға шығады да, соғыста саясатпен қатар мораль, құқық, адамшылық құндылықтар қорғалады. Ал тоталитарлық қоғамда демократия қағидалары мүлде ұмытылады, адам өмірінің құндылығы жойылады, идеология мемлекеттік саясаттың негізгі қозғаушы күшіне айналады. Мұның өзі идеологиялардың қақатығысын тудырады. Кеңес Одағы мен Германия арасындағы соғыс әмбебаптылыққа ұмтылған екі идеологияның күресі болды, адам өмірі осы идеологиялық мүдденің көлеңкесінде қалды. Кеңес Одағы мен нацистік Германия өкіметтерінің соғыс тұтқындарына қатысты саясатының мазмұны да осылайша идеологиялық фактормен анықталды, яғни, көзқарасы басқаның бәрі жау, оны жою керек деген идеяға негізделді.

Әдебиет тізімі

Андреева Е. Генерал Власов и русское освободительное движение / пер. с англ. Лондон, 1990. 370 с.

Галицкий В.П. Финские военнопленные в лагерях НКВД (1939-1953). М., 1997. 248 с.

Гальдер Ф. Военный дневник. Ежедневные записи начальника Генерального штаба Сухопутных войск 1939-1942 гг. / пер. с нем.: в 2 т. М., 1969. Т. 2. 328 с.

Дашичев В.И. Банкротство стратегии германского фашизма. Исторические очерки. Документы и материалы. М., 1973. Т. 2. 726 с.

Дугас И.А., Черон Ф.Я. Вычеркнутые из памяти. Советские военнопленные между Гитлером и Сталиным. Париж, 1994. 434 с.

Конасов В.Б. Судьбы немецких военнопленных в СССР: дипломатические, правовые

- и политические аспекты проблемы. Очерки и документы. Вологда, 1996. 318 с.
- О немецко-фашистских злодеяниях и зверствах. Ноты Народного Комиссара иностранных дел СССР тов. В.М. Молотова. М., 1943. 96 с.
- Толстой Н. Жертвы Ялты / пер. с англ. Париж, 1988. 528 с.
- Черон Ф.Я. Немецкий плен и советское освобождение. Париж, 1987. 60 с.
- Bundesarchiv – Militärarchiv (BA - MA), RW 5v/506.
- Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 2/158.
- Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RH 2/1422.
- Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RH 22/109, Bd.2.
- Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 4v/765.
- Bundesarchiv (Berlin), NS 18/271, Bd.4.
- Bundesarchiv (Berlin), R 58/272.
- Dokumente des Verbrechens: Aus Akten des Dritten Reiches 1933-1945. Hrsg. Von H. Kaden und L. Nestler. Berlin, 1993. Bd. 1. 261 S.
- Dülffer J. Regeln gegen den Krieg? Berlin, Frankfurt a/M, 1981. 434 S.
- Eyffinger A. T.M.C. Asser (1838-1913), Founder of The Hague Tradition: Dreaming the Ideal, Living the Attainable. Hague, 2011. 115 p.
- Jakobsen H.-A. Komissarbefehl und Massenexekutionen sowjetischer Kriegsgefangener // Buchheim H., Broszat M., Jakobsen H.-A., Krausnick H. Anatomie des SS-Staates. Bd. 2. Freiburg, 1965. S.163-281.
- Meissner B. Sowjetunion und Haager LKO. Gutachten und Dokumentsammlung. Hamburg, 1950. 68 S.
- Oeter S. Die Entwicklung des Kriegs gefangenen rechts. Die Sichtweise eines Volkerrechtlers// In der Hand des Feindes: Kriegs gefangen schaft von der Antike bis zum Zweiten Weltkrieg. Hrsg.Rüdiger Overmans. Böhlau,1999. S.41-62.
- Politisches Archiv des Auswärtigen Amtes (Berlin), R 29717, Bd.6.
- Politisches Archiv des Auswärtigen Amtes (Berlin), R 29718, Bd.7.
- Politisches Archiv des Auswärtigen Amtes (Berlin), R 105173, Bd. 9.
- Politisches Archiv des Auswärtigen Amtes (Berlin), R 105177, Bd. 11.
- Politisches Archiv des Auswärtigen Amtes (Berlin), R 105178, Bd. 12.
- Streit Ch. Keine Kameraden: Die Wehrmacht und die sowjetische Kriegsgefangenen 1941-1945. Bonn, 1991. 448 S.
- Verbrechen an der Wermacht. Kriegsreuel der Roten Armee 1941/42. Hrsg. Franz W. Seidler. Selent, 1998. Bd. 1. 383 S.

References

- Andreeva E. General Vlasov i russkoe osvoboditelnoe dvizhenie (General Vlasov and the Russian liberation movement). London, 1990. 370 pp. [in Russian].
- Bundesarchiv – Militärarchiv (BA - MA), RW 5v/506.
- Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 2/158.
- Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RH 2/1422.
- Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RH 22/109, Bd.2.
- Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 4v/765.
- Bundesarchiv (Berlin), NS 18/271, Bd.4.
- Bundesarchiv (Berlin), R 58/272.
- Cheron F.Ia. Nemetskii plen I sovetskoe osvobozhdenie (German captivity and Soviet liberation). Parizh, 1987. 60 pp. [in Russian].
- Dashishev V.I. Bankrotstvo strategii germanskogo fashizma. Istoricheskie osherki. Dokumenty i materialy (The bankruptcy of the strategy of German fascism. Historical sketches. Documents and materials.). T.2. M.: Nauka, 1973. 726 p. [in Russian].
- Dokumente des Verbrechens: Aus Akten des Dritten Reiches 1933-1945. Hrsg. Von H. Kaden und L. Nestler. Berlin, 1993. Bd. 1. 261 S. [in German].
- Dugas I.A., Cheron F.Ia. Vytserkutye iz pamiaty. Sovetskie voennoplennye mezhdru Gitlerom i Stalinym (Erased from memory.Soviet prisoners of war between Hitler and Stalin). Parizh, 1994. 434 pp. [in Russian].
- Dülffer J. Regeln gegen den Krieg? Berlin, Frankfurt a/M, 1981. 434 S.[in German].
- Eyffinger A. T.M.C. Asser (1838-1913), Founder of The Hague Tradition: Dreaming the Ideal, Living the Attainable. Hague, 2011. 115 p. [in English].

Galder F. Voennyj dnevnik. Ezhadnevnye zapisi nashal'nika General'nogo shtaba Suhoputnyh vojsk 1939-1942 gg. (War diary.Daily Notes of the Chief of the General Staff of the Ground Forces 1939-1942)Per. s nem. T.2. M.: Voenizdat, 1969. 328 p. [in Russian].

Galizkii V.P. Finskie voennoplennye v lagerjah NKVD (1939-1953 gg.) (Finnish prisoners of war in the NKVD camps). M., 1997. 248 pp. [in Russian].

Jakobsen H.-A. Komissarbefehl und Massenexekutionen sowjetischer Kriegs gefangener // Buchheim H., Broszat M., Jakobsen H.-A., Krausnick H. Anatomie des SS-Staates. Bd. 2. Freiburg, 1965. S.163-281 [in German].

Konasov V.B. Sud'by nemetskih voennoplennyh v SSSR: diplomatische, pravovye i politicheskie aspekty problemy. Ocherki i dokumenty (The fate of German prisoners of war in the USSR: diplomatic, legal and political aspects of the problem.Essays and documents). Vologda, 1996. 318 pp. [in Russian].

Meissner B. Sowjetunion und Haager LKO. Gutachten und Dokument sammlung. Hamburg, 1950. 68 S. [in German].

O nemezko-fashistskih zlodejanjah i zverstvah. Noty Narodnogo Komissara inostrannyh del SSSR tov. V.M. Molotova (About the German fascist atrocities and atrocities. Notes of the People's Commissar for Foreign Affairs of the USSR Comrade V.M. Molotov.). M., 1943. 96 p. [in Russian].

Oeter S. Die Entwicklung des Kriegs gefangenen rechts. Die Sichtweise eines Volkerrechtlers// In der Hand des Feindes: Kriegs gefangenschaft von der Antike bis zum Zweiten Weltkrieg. Hrsg. Rüdiger Overmans. Böhlau,1999. S.41-62 [in German].

Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29717, Bd.6 [in German].

Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29718, Bd.7 [in German].

Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 105173, Bd. 9 [in German].

Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 105177, Bd. 11 [in German].

Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 105178, Bd. 12 [in German].

Streit Ch. Keine Kameraden: Die Wehrmacht und die sowjetische Kriegs gefangenen 1941-1945. Bonn, 1991. 448 S. [in German].

Tolstoi N. ZhertvyIalty (Victims of Yalta) / Per. s angl.Parizh, 1988. 528 pp. [in Russian].

Verbrechen an der Wermacht. Kriegsreuel der Roten Armee 1941/42. Hrsg. Franz W. Seidler. Selent, 1998. Bd. 1. 383 S. [in German].

МРНТИ 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_2_114

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВОПРОСОВ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ В ПОСЛЕВОЕННОЕ ВРЕМЯ И ПОЗИЦИЯ РУКОВОДСТВА КАЗАХСКОЙ ССР

Касымова Дидар Бейсенгалиевна¹, Кудайбергенулы Болат^{1*}

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. г Алматы, Казахстан

*Автор-корреспондент

E-mail: didarkassymova87@gmail.com (Касымова), k.bolat75@mail.ru (Кудайбергенулы)

Аннотация. В статье ставится задача рассмотреть позицию руководства Казахской ССР, во главе с Ж. Шаяхметовым в отношении языковых дискуссий среди казахских лингвистов в послевоенном Казахстане на фоне внедрения сталинской концепции языкового единообразия. Проблемы языкознания в СССР как полиэтничном геокультурном образовании были неотъемлемой частью государственного строительства по формированию имперского пространства и конструированию советской идентичности. В Казахской ССР с начала 1920х гг. лингвистические проблемы стали полем борьбы между приверженцами сохранения лингвистического своеобразия и сохранения языкового багажа прошлого (арабизма, персизмы, и терминология кочевого традиционного общества) и советизации языка через внедрения русизмов и лингвистических идеологем. Последние одержали победу в противоборстве с «националистами» к концу 1930х гг. Однако алфавитные войны конца 1930х гг. перешли на уровень противостояния в плане споров о содержательном составе казахского языка с начала Великой Отечественной войны, поскольку были тесно увязаны с новым

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

Имангалиев А., Дүкенбаева З. ИБН ХАЛЛИКАН ЖӘНЕ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ.....	5
Қамбарбекова Ғ.Ә. «ТАРИХ-И АББАСИ» («РУЗНАМА-ЙЕ МОЛЛА ЖӘЛАЛ») ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР.....	16
Байдильдина Феллан С.Х., Раджапов А.У. «БІРЛІК ТУЫ» – ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ БОЙЫНША ҚҰНДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ.....	29
Карамендина М.Ө. ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	40

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

Атыгаев Н.А. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН В XV – НАЧАЛЕ XVI В.....	57
--	----

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

Абдулина А.Т. К ПРАКТИКЕ МИССИОНЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РУССКОЙ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ В СЕМИРЕЧЬЕ.....	66
---	----

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Бәкір Ә.Қ., Тайман С. МҰСТАФА ШОҚАЙ ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ.....	80
Санъязов Е. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІН РЕТТЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ (СЕМЕЙ ӨҢІРІ МЫСАЛЫНДА).....	92
Көкебаева Г.К. КЕҢЕС-ГЕРМАН МАЙДАНЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ.....	101

Касымова Д.Б., Қудайбергеноулы Б.
 НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВОПРОСОВ ЯЗЫКОВОЙ
 ПОЛИТИКИ В ПОСЛЕВОЕННОЕ ВРЕМЯ И ПОЗИЦИЯ
 РУКОВОДСТВА КАЗАХСКОЙ ССР.....114

Аминов Т., Талгатбеков А.
 ЖУМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ
 КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ.....127

Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж.
 СОВЕТСКОЕ ДЕТСТВО КАЗАХСТАНА В 60-Е ГОДЫ XX ВЕКА
 (ПО МАТЕРИАЛАМ ГАЗЕТЫ «КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА»).....142

**Шашаев Ә.Қ., Зикирбаева В.С.,
 Мурзаходжаев Қ.М., Мрзабаева Р.Ж.**
 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДЫҚ
 ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....157

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
 ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА
 INDEPENDENT KAZAKHSTAN HISTORY**

Kassymova D., Litvin D.
 UKRAINIAN ETHNO-CULTURAL CENTERS IN ALMATY CITY AND
 ALMATINSKAYA OBLAST: CURRENT SITUATION AND CHALLENGES.....170

**ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ
 ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ
 HISTORY OF THE WORLD**

Каримова З.К., Меделбай А.А.
 ТҮРКІЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ»
 САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.....179

Ahmet Burçin Yereli, G. Мовкебаева, А.К. Toguzbayeva
 SOME PROBLEMATIC ASPECTS OF THE CUSTOMS
 AND LOGISTICS SPHERE OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION.....188

Басуға 15.07.2021 қол қойылды
Шартты баспа табағы –12,5
Офсеттік басылым
Таралымы 150 дана.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты, «Отан тарихы»
журналының редакциясында басылды